

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ ӨЗ БЕТІМЕН ОҚУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Мустағалиева Г.С.¹, Аманғазиева М.К.², Хайржанова А.Х.³

¹педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан,

²[Ф.Ғ.К.](#), доцент, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан,

³[Ф.Ғ.К.](#), асс.профессор, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан,

*¹e-mail: ms_gulnara@mail.ru,

²e-mail: m.amangazieva@asu.edu.kz

³e-mail: akmaral_63@mail.ru

Андатпа. Өз бетімен оқу әдісі, ең алдымен оқушының сөздік қорын толықтыру және грамматикалық құрылымдарды игеру, оқу техникасын дамыту құралы мен мәтінді түсіну дәрежесін сонымен бірге айтылымы мен ырғақ-интонациялық дағдылардың қалыптасу деңгейін бақылауға негізделген. Зерттеудің негізгі мақсаты мазмұнды түсіну арқылы оқу барысында мазмұнды жалпы қамтуға бағытталған және мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге оқырманның өзіндік ішкі көзқарасының қалыптасуын анықтау болып табылады. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттары коммуникативті іс-әрекет ретінде оқудың мақсаты мен өнімі фактілерді, идеяларды, мағыналарды қабылдау, түсіну және түсіндіру болып табылады.

Оқудың әр қилы түрлерін қолдану шет тілін оқытудың мақсатын жүзеге асыру құралы ретінде әрекет етеді. Мақалада ағылшын тілі сабағына қатысты әдеби мәтіндерді, қысқаша әңгімелерді үйде өз бетімен оқуды жүзеге асыру негіздемесі қарастырылады және оқу күнделігін қолдана отырып, жазбаша жұмысты оқумен қалай біріктіруге болатындығы, сөздік қорының толықтырылуы зерттеудің ғылыми әрі практикалық маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар өз бетімен оқудағы кейбір тәсілдер мен әдістерге, талдаумен қатар мәселенің сипаттамасына, арнайы бөлшектерді бөліп көрсету, салғастыру, өзара көмек, қорытындылауды аяқтау, жаңа сөздерді меңгеру, эскиздер мен интроспекция және өзін-өзі бағалау сияқты мәселелерге тоқталып, отандық және шетелдік әдіскерлердің көзқарасы бойынша тілді үйренуде түпнұсқадағы көркем мәтінді дұрыс түсінуі, сөйлеу барысында орынды қолдана білуінің негізгі артықшылықтары талданып, осы процесті ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері методологиялық тұрғыдан сипатталады. Тіл үйренудегі өз бетімен оқудың ерекшеліктерін анықтауда түрлі әдіскер-авторлардың еңбектеріне шолу жасалып, зерделеп, саралау жұмыстарымен бірге мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: әдістемелік, педагогикалық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау оларды жүйелеу, жіктеу, синтездеу. Бұл әдістер көптеген мәтіндерді, кітаптарды оқуға және бейтаныс сөздер мен грамматикалық құрылымдарды санаға сіңіруге негізделген.

Зерттеуіміздің нәтижесінде шет тілін үйренудегі өз бетімен оқу студенттерге өмірдің әртүрлі салаларынан ақпарат алуды қамтамасыз етеді, ақыл-ойды дамытады, яғни білім береді, тәрбиелейді деген тұжырымға келдік. Нақты нұсқаулар мен мақсаттардың көмегімен өз бетімен оқу тіл үйренуші студенттерге олардың қалай үйренетінін танып, нәтижеге қол жеткізуге толық мүмкіндік беретін жұмысымыздың нәтижесін оқытушылар өз сабақтарында қолдануына болады.

Тірек сөздер: жаңа сөздер, мәтін, өз бетімен оқу, меңгеру, оқу күнделігі, сөздік қор, қосымша әдебиеттер, оқу техникасы.

Кіріспе

Әдебиеттерді оқу - ағылшын тілін үйренуде ілгерілеудің тамаша тәсілі; ол студенттерге тілді үйрену кезінде қызықты сюжеттерден, қызықты кейіпкерлерден және нақты диалогтардан жаңа әлемді ашып, жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді. Оқу - басқа дағдыларды бекіту үшін де ыңғайлы әрі тиімді әдіс болуы мүмкін, мысалы: шағын топтарда студенттер бір-бірімен сөйлесіп, тыңдайды, мәтінді талқылайды және жаттығулар жасағанда, оқу кезінде және одан кейін де жазбалар жасайды. Осы артықшылықтарға қарамастан, әдеби шағын шығармаларды оқуға деген кері көзқарас оны қызықсыз және зеріктіретін әрекет ретінде түсінік қалыптастыруы мүмкін. Егер мәтіндер тым күрделі болса және студенттер сабақтың мақсатын білмесе, оған қоса оқытушыларда оқу сабағына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулар болмаса, студенттер мен оқытушыда оқуға деген ынта әбден жоғалуы ықтимал.

Өз бетінше үйде оқу - студенттерді түрлі таңдауға мүмкіндік бере отырып, әртүрлі тақырыптар аясында көптеген мәтіндерді оқуға итермелейді, өйткені студенттердің өздері оқу материалын өз қызығушылықтарына, білімі мен тәжірибесіне, деңгейіне сүйене отырып таңдайды. Студенттердің өзінің тіл деңгейіне сәйкес мәтіндерді таңдайтыны белгілі, сондықтан оқу уақыты мен орнын таңдау да өз күзінеттігінде болады. Қосымша үйде оқу – «әдетте материалды жалпы түсіну мақсатында үлкен ауқымды, көлемді материалдарды оқуды қамтиды» [1,24 б.]. Басқаша айтқанда, мақсат - қарқынды оқу жаттығуларындағыдай, әрі грамматикалық, тақырыптық және дискурсивті элементтерді толық, егжей-тегжейлі түсінуден гөрі мәтіннің негізгі идеясын алу. Өз беімен үйде оқу дағдысы оқуға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді, өйткені олар әдеби идеялар туралы жалпы түсінік ала отырып, оқу әдістері мен стратегияларын үйренеді, жаңа лексиканы игереді және ағылшын тілі деңгейін жоғарылатады. Студенттер материалдарды үлкен көлемде оқитындықтан, оқытушыларға нақты мақсаттар қою және өз студенттерінің алға қарай жылжуын тиісті түрде қадағалау маңызды болады. Бұл студенттерге оқуды қалай қызықты ету керектігін, сонымен қатар тапсырмалар мен бағалау процедуралары олардың нәтижелі оқуына ықпал ететін бірден-бір принцип екенін білуді қамтиды. Білім алушылардың тіл үйрену барысында үйде оқудың көптеген артықшылықтарын өздері байқай алмайды, ол күнделікті қалыптасқан жағдай немесе іс-әрекет ретінде жүреді.

Негізгі ережелер

Өз бетімен оқу шет тілін меңгерудің әрбір деңгейінде тілді үйрену мақсатында ұсынылады. Бұл ретте өз бетімен оқу оқыту әдістемесінде екі

жақты түсініледі: оқыту мақсаты ретінде және тілді үйренудегі құрал ретінде екенін атап өту қажет, өз бетімен оқу барысында осы екі функцияны нақты ажыратуымыз керек, өйткені олар барлық жұмыстың әдістемелік ұйымдастырылуын анықтайды. Мақсат ретінде оқу мәтіннен ақпарат алуды қамтыса, ал құрал ретінде өз білімін толықтыру ролін де атқара алады. Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көріп отырғанымыздай, мақсат ретінде оқу көбінесе белгілі бір жолмен жазылған ақпаратты қабылдау қабілетін білдіреді.

Тиімді оқу дағдылары ағылшын тілін оқыту әдістемесінде өте маңызды, тек ауызекі ағылшын тілін білу жеткіліксіз, сондықтан «оқу - бұл тілді бейсаналық деңгейде үйренуге көмектесетін түсінікті және мазмұнды лингвистикалық үлестің қайнар көзі»-деп, Крашен өз еңбегінде атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ, оқу кезінде дыбыстарды, сөздер мен сөйлемдерді декодтау дамыта ойлауды және әлеуметтік хабардарлықты қажет етеді [2,51 б.]. Оларда жаңа идеялар пайда болған кезде, студенттер өздерінің білімдері мен тәжірибелерін мәтіннен туындайтын мәселелер туралы пікір қалыптастыру үшін қолданады. Ерекше және тәуелсіз, ойшыл, жасампаз болғысы келетін студенттер үшін сауаттылық мәселесі оқу мен жазуды үйренуден тыс болады. Ана тілінде де, шет тілінде де сыни сауаттылық баспа бетіндегі ақпаратты пассивті түрде қабылдауды немесе сіңіруді қажет етеді; «Бұл оқуды терең түсінуді, маңызды және жаңа ақпаратты есте сақтауды және оны бар схемамен байланыстыруды қажет етеді, сонымен қатар бұл ақпаратты қашан және қайда пайдалану керектігін, оны оқу орнында немесе одан тыс жерлерде әр түрлі контексте дұрыс қолдануды және басқалармен тиімді қарым-қатынасты орнатуды қажет етеді» деген ғалымдардың пікіріне толық қосылуға болады [3,37 б.].

Ұзақ жылдар бойы көптеген зерттеулер үйде оқу - тілді әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде сыни сауаттылық саласында оқуға мүмкіндік береді деген тұжырымдар жасады. Бұл зерттеулерде тіл үйренушілер сауаттылықты, дағдыларды, сөздерді оқу мен есте сақтауды, емле мен жазуды едәуір жоғары деңгейге көтереді [4,11 б.]. Сондай-ақ, түрлі тілдік дағдыларды меңгеру арқылы студенттер тіл үйренуден ләззат алып, сонымен қатар үйде оқудан жағымды эмоциялар алады, өйткені бұл оларды әрі қарай оқуға ынталандырып, жаңа тақырыптарды тез игеруге итермелейді. Джи өзінің пайымдауынша біз неғұрлым көп оқысақ, тілді үйренуге соғұрлым құзыретті боламыз және оқуды ұнатамыз; біз оны қаншалықты ұнатсақ, соғұрлым көп оқимыз және тілді үйренуде одан да сауатты болу мүмкіншілігіміз артады, деген пікір айтады [5,91б.]. Бұл тұйық шеңбер тілді үйренудің әртүрлі әдістерін де біріктіреді: біз зерттелетін тілдің мәдениеті туралы көбірек білім аламыз және күрделірек оқу үшін кеңірек қосымша білім аламыз. Студенттер шет тіліндегі мәтінді оқыған кезде, олардың көпшілігі мазмұны мен пікірлерінен гөрі жаңа сөздер мен құрылымдарға назар аударады [6]. Бұл студенттердің үйренетін тілді шектеулі білуіне байланысты мазмұнды

оқи алмайтындықтан емес, көбінесе оқуды қалай пайдалы ету керектігін білмейтіндіктен болады. Мысалы, тіл үйренушілер мәтіннен ақпарат алудың, сондай-ақ оқудан эстетикалық ләззат алудың көптеген стратегиялары бар екенін білуі керек.

Тіл үйренудегі оқу күнделігін қолдану – қосымша дағды ретінде қарастыруға болатын тәсіл. Сондай-ақ, күнделік мәтінді оқуда, оны жіті қабылдауда әр түрлі дәрежедегі жеке реакциясы туралы жазбаша есеп беруі үшін қолданылады. Күнделік - бұл студенттердің мәтінге деген көзқарасын білдіруі, олардың мазмұнының ашылулары туралы ойлау және білгендері мен үйренгендерінің арасында байланыс орнату мүмкіндігі, сонымен қатар студенттерге стратегиялық оқырман ретінде де, өзін-өзі оқытуда да (тәуелсіз студенттер) өсуге мүмкіндік беретін, тәуекелге, тәуелсіздікке, сұрақтар қоюға, өз ойын ашық жазып, пікір білдіруге және білімін жетілдіруге мүмкіндік беретін құрал. Жазу тәсілі студенттерге әртүрлі ақпарат көздерін біріктіруге және ойларын ретке келтіруге көмектеседі; нәтижесінде олардың ойлауы гипотетикалық, оңай бейімделетін және айқын болады. Біздің пайымдауымыз осылайша «саналы және терең түсінуге ықпал етеді» деген зерттеушілердің пікірімен сәйкес келеді [7,47 б.].

Әдістер мен материалдардың сипаттамасы

Ғылыми әдебиеттерде өз бетімен оқу әдістерінің әртүрлі классификацияларын табуға болады. Ресейлік әдіскерлер өз әдістерінің негізінде өз бетімен оқу техникасын оқытудың екі негізгі типологиялық белгілерді көрсетеді:

1) оқытудың негізін құрайтын бастапқы тіл бірлігі оқу (әріп, дыбыс, сөз, сөйлем немесе мәтін);

2) білім алушылардың жетекші когнитивті қызметінің түрі (талдау, синтез).

Егер өз бетімен оқу әдістерін жасауға тіл бірлігі негіз болса, содан кейін оқытудың келесі әдістері бөлінеді: әріп; дыбыс; буындық әдістер; тұтас сөздер әдісі, синтетикалық; аналитикалық-синтетикалық.

Батыс әдістемелік әдебиеттерінде ғалымдар әдістердің бірнеше басқа классификациясын ұсынады. Батыс типологиясының негізінде бастапқы тіл бірлігі жатыр. Ғалымдар өз зерттеулерінде төмендегідей әдістерді бөліп көрсетеді:

- алфавиттік әдіс (alphabetic method)..
- дыбыс әдісі (phonic method)
- бүтін сөз әдісі (look and say method)..
- бүтін сөйлемдер әдісі (sentence method) - бұл қысқа сөйлемдер арқылы оқуды үйрену, оның ішінде күрделі сөздер ерекшеленеді. Мысалы, студенттерге сөйлемді оқып, сөздікте белгісіз сөздердің транскрипциясын табу ұсынылады;
- әңгіме әдісі (whole language method) оқушылардың белгілі бір тақырыптағы мәтінді оқуын қамтиды, олардан оқуға қиын сөйлемдер,

сөз тіркестері, сөздер ерекшеленеді және оларды оқу ережелері анықталады.

Көріп отырғанымыздай, бастапқы тіл бірлігіне негізделген оқу техникасын оқыту әдістерінің Ресей және Батыс классификациясы іс жүзінде сәйкес келеді. Оқылған мәтінді түсіну және сөздік қорын толықтыру әдістеріне келетін болсақ, оқушыларға материалды түсінуге көмектесетін оқу техникасын білу оқудың сәтті нәтижесі үшін қажет; Зерттеушілер Фаррис, Фучлер және Вольтер оқу техникасын екі негізгі категорияға бөлінеді деп көрсетеді:

1.Түсіну әдістері студенттерге мәтінді жақсы бағалауға көмектеседі. Осы стратегиялардың немесе әдістердің кейбіріне талдау, жалпы мағынаның қысқаша сипаттамасы, арнайы бөлшектерді бөліп көрсету, өзара көмек, қорытындылауды аяқтау, жазбалар, эскиздер мен интроспекция және өзін-өзі бағалау кіреді. Бұл түсіну әдістері оқырмандарға негізгі білімді қолдануға, алдағы оқиғаларды болжауға, көріністерді елестетуге, оқиғаны қорытындылауға, идеяларды салыстыруға және салғастыруға, түсінушілікті ұстануға, ақпаратты талдауға және синтездеуге, сондай-ақ негізделген пікірлерді білдіруге мүмкіндік береді.

2.Сөздік қорын толықтыру әдістері тіл үйренуші студенттерге белгісіз сөздермен сөйлесуге көмектеседі. Үйде оқумен айналысатын студенттер белгісіз сөздерді өткізіп жіберуді және оқуды жалғастыруды үйренеді [8,62 б.]; дегенмен, кейде тіл үйренушілерге мазмұнды оқу арқылы жаңа сөзді табуға тырысу пайдалырақ болып табылады.

Студенттер осы және басқа стратегияларды немесе әдістер мен тәсілдерді сәтті қолданған кезде ойлау әрі оқу тәсілдерін өзгерте отырып, оқуға терең араласа алады. Ал оқытушылар бұл әдістерді бағдарламаның алдын-ала, уақытында немесе үйде оқығаннан кейінгі кезеңде жазылатын күнделік компоненттерін жасау үшін қолдануға мүмкіндігі бар.

Талқылау

Оқу күнделігінің компоненттеріне келер болсақ, оқу күнделігінде оқылған мәтінін түсіну элементтері басты назарда болуы қажет деп санаймыз. Төменде күнделікке енгізілуі керек оқылымды түсіну элементтерінің бірнеше ұсыныстары беріп отырмыз. Бұл компоненттерде бірқатар қиындықтар бар, өйткені олардың кейбіреулері мәтіндегі ақпаратты іздеуді қажет етеді, ал басқалары өз пікірлерін білдіру және қорғау үшін ақпаратты талдауды немесе жалпылауды қажет етеді. Оқытушы жобаны немесе курсты, бағдарламаны енді бастаған студенттерге қарапайым элементтерді ұсына алады, мысалы, қарапайым кейіпкерлерді сипаттау немесе тіл білу деңгейі жоғарылау студенттер үшін күрделі элементтер, мысалы, қысқаша мазмұндама жасау деген секілді.

• *Кітап не туралы болуы мүмкін екенін анықтау немесе болжау.* Болжау - бұл негізгі білімді қолдану, оқырманның назарын аудару,

сюжеттің жағдайын анықтау және оқуға мақсат қою үшін алдын-ала оқудың әдеттегі әдісі болып табылады [9,27 б.]. Мәтіндерді оқу барысында тіл үйренуші көбінесе материал мен оның бөліктерінің тақырыптарын пайдаланып, мазмұны мен суреттерін, кестелерін, сандарын немесе графиктерін қарап, оқиғаның мазмұнын болжай алады. Мазмұнды болжаудың басқа тәсілдеріне мұқабадағы қысқаша шолуларды, кіріспе параграфтарды немесе мәтіннен басқа қысқа үзінділерді оқу жататындығы белгілі. Осы атқарылған іс-әрекеттерден алынған ақпарат мазмұны туралы көп нәрсені білуге және оқуға деген қол жетімділікті жеңілдетуге мүмкіндік береді, әсіресе егер ақпарат тіл үйренушінің осы мәселедегі білімі мен тәжірибесін оята алатын болса. Болжамдар мен болжаулар қате болса да, өзін тексеру үшін оқырман қызығушылық танытып, оқуды жалғастыруға деген ынтызарлығын жоғалтпайды.

- *Мәтін үзіндісіне немесе сөйлемге түсініктеме беру.* Оқу кезінде тіл үйренуші сөйлемнің немесе ұзақтау үзіндіден қызықты идеяны немесе жұмбақ жағдайды қамтитын мәтіннің бір бөлігін жазады, содан кейін идеяны немесе жағдайды егжей-тегжейлі ескерту арқылы түсіндіреді.

- *Әңгімедегі кейіпкерлердің бірін көрсететін постер жасау.* Оқырман оқиғадағы кейіпкердің белгілі бір физикалық немесе тұлғалық қасиетін көрсететін суреті (журналдан сызылған немесе кесілген) бар постер жасауы керек. Бұл белгілер айқындалып, мәтіндегі дәйексөз сипаттамалары нақтыланады.

- *Сұрақтар мен жауаптарды жазып алу.* Тіл үйренуші оқырмандарда әңгімені оқу барысында мәтінге байланысты сұрақтар туындаған кезде, олар жауап немесе белгілі бір шешім туралы жазбалар жасауы мүмкін; кейінірек олар автордың жауабы немесе шешімі өз болжамымен сәйкес келгенін көре алғандықтан олар әр түрлі сұрақтар қоюды үйренеді, соның ішінде біріншіден, фактілерді талдауға және сөйлемдер арасындағы ойды оқуға әкелетін кейіпкердің нәзік ойы мен шынайы көзқарасы туралы нақты болжамдар жасау үшін логикалық сұрақтар және екіншіден, оқырмандардың құндылықтары мен тәжірибелеріне негізделген күрделі сұрақтар. Күрделі сұрақтар белгілі бір тақырыптар қамтылды ма, автор келтірген дәлелдер негізді ме, жазу стилі біржақты ма, әлде объективті ме? деген секілді мәселелерді қамтиды» [10,168 б.].

- *Ақпараттық олқылықтарды толтыру.* Егер оқылып отырған әңгімеде немесе мәтін үзіндісінде оқиғаның қайда және қашан болғаны айтылмаса, оқырман кейіпкерлер киетін киім туралы, олар жейтін тамақ немесе олар тұратын үйлер сияқты сюжеттерді өз бетімен суреттеп, елестетіп, болжам жасай алады.

- *Пікірлерді оқу.* Оқылып отырған әңгіме немесе мәтін үзіндісінде оқиға туралы пікірді оқығаннан кейін тіл үйренуші студент рецензентпен келісетінін немесе келіспейтінін білдіріп, нақты себептерін жазады.

• *Хат жазу.* Тіл үйренуші студент әңгіме кейіпкерінің атынан әрекет ете отырып, газет редакторына немесе белгілі авторға әңгімеге қатысты мәселе бойынша өз тарапынан туындаған мәселелер бойынша хат жазады. Егер басқа да тіл үйренуші студент те сол әңгімені оқыған болса, онда ол жауап жаза алады. Нәтижесінде екі жақты қарым-қатынас туындап, талдау және жауап жазылады.

• *Осы оқиға туралы фильм түсіруді елестету процесі.* Тіл үйренуші студенттер, егер олар режиссер болса, оқыған мәтіндері немесе белгілі бір оқиға негізінде фильм түсіруді елестетіп, және оған қандай көріністерді қосатындығы туралы ойланады. Олар арнайы көріністерді қалай түсіретіндерін жазады және неге фильм үшін өз елесіндегі белгілі бір актерлерді таңдайтындықтарын нақты түсіндіреді.

• *Өз финалын ойлау.* Тіл үйренуші студенттер өздері оқыған мәтіндері немесе белгілі бір оқиғаның өзіндік қорытындысының баламасын береді. Бұл процесс жаңа сөздерді жаттауда, синонимдік қатарды молайтуға үлкен мүмкіндік беруі ықтимал.

• *Осы оқиға туралы өз пікірін айту.* Оқушылар «Бұл әңгіменің маған ұнамаған жағы» және «Осы әңгіменің маған ұнаған жағы» деген белгілермен екі бағанға өз ойлары мен пайымдауларына түсініктеме жазады.

• *Оқылған оқиғада көрсетілген мәдениеттің аспектілерін жазу.* Тіл үйренуші студенттер өздері оқыған мәтіндері немесе белгілі бір оқиғаның мәдени аспектілерін өз ортасымен, өз қоғамымен салыстырады және салғастырады, содан кейін тіл үйренуші студент екі мәдениеттің өкілдері арасында туындауы мүмкін ықтимал түсініспеушіліктерді болжай алады. Оқытушы ұсынатын тізімге қосымша, студенттер өздерінің қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес өз элементтерін дамыта алады және оқиғаға сәйкес туған басқа сезімдерді де (эмоцияларды) білдіре алады [11,53 б.]. Мысалы, егер тіл үйренушілер кітапты оқи бастаса және жартысында олар енді оны қызықтырмайтынын түсінсе, оны кейінге қалдырып, басқасын оқи бастауы мүмкін. Содан кейін олар оқиғаны оқуды аяқтауға не кедергі болғанын және неге олар үшін қызықты болмағанын түсіндіретін жазба жасай алады.

Нәтиже

Жоғарыда айтылғандардың бәрі келесі тұжырымдарға негіз береді:

- Өз бетімен оқу шет тілдерін оқыту процесінің маңызды және ажырамас бөлігі болып табылады. Ол негізінен үйде мәтіндерді оқу процесінде тіл үйренушіде қалыптасқан үздіксіз оқу механизмдерінде жүзеге асырылады.

- Өз бетімен оқудың мақсаты - шет тіліндегі мәтіндерден ақпарат алу. Дәл осы жеңіл және еркін оқуда тіл үйренуші студент шет тілін үйренудің практикалық құндылығын көреді. Сонымен қатар, күнде және жүйелі түрде үйде оқу лексикалық қорды арттырудың және оқушылардың

ауызша сөйлеуін дамытудың маңызды қосымша көзі және құралы болып табылады.

- Практикалық мақсаттармен қатар, өз бетімен оқу білім беру және тәрбиелік мақсаттарды көздейді. Оқу тілдің танымдық функциясын қамтамасыз етеді, ал мәтіндерді дұрыс таңдау олардағы нақты ақпаратты тіл үйренушілердің жалпы көкжиегін кеңейту үшін де, тәрбиелік мақсатта да пайдалануға мүмкіндік береді.

- Өз бетімен оқу барысында студенттің қиялы мен зейіні дамиды, мәтінді түсіну әрқашан болжаммен байланысты және ерікті назардың шоғырлануын қажет етеді. Оқу тек ақыл-ойды ғана емес, сонымен бірге мнемикалық белсенділікті де қамтиды, сонымен бірге ерікті де, еріксіз есте сақтау үшін де жағдай жасалады.

- Тіл үйренушілердің мәтінмен (кітаппен) өз бетінше оқып, жұмыстану дағдылары білім беру және тәрбие тұрғысынан да маңызды. Дұрыс құрылған жұмыс студенттің тілдік және сөйлеу дамуына ықпал етеді, оның жалпы оқу мәдениетін арттырады.

- Өз бетімен оқу процесі мүмкіндігінше жеңіл болуы керек, оқу материалы қызықты ақпаратты қамтуы және тәрбиелік әсер етуі керек.

Шет тілінде сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде және қарым-қатынастың жанама түрі ретінде өз бетімен оқу, көптеген зерттеушілердің пікірінше, көптеген адамдар үшін өте қажет әрекет болып табылады. Сондықтан өз бетімен оқуды үйрену мақсатты доминант ретінде әрекет етеді. Күрделі ойлау операцияларын (талдау, синтез, қорытынды және т.б.) қамтитын оқу процесі және оның нәтижесі – ақпарат алу – адамдардың коммуникативті-әлеуметтік қызметінде үлкен маңызға ие. Өз бетімен оқу адамзаттың өмірдің әртүрлі салаларынан ақпарат алуды қамтамасыз етеді, ақыл-ойды дамытады, сезімдерді күшейтеді, яғни білім береді, дамытады, тәрбиелейді.

Өз бетімен оқу барысында студент проблемалық ойлауға, тұтас түсінуге және құбылыстардың қарама-қайшылықты қатынастарын анықтауға қабілетті; жағдайды неғұрлым барабар бағалау және жаңа дұрыс шешімдерді тезірек табуға ұмтылыс жасайды. Бір сөзбен айтқанда, өз бетімен оқу ең дамыған және әлеуметтік құнды адамның қасиеттерін қалыптастырады.

Қорытынды

Қазіргі таңда ағылшын тілін үйрену, меңгеру, білу бүгінгі таңдағы өзекті де ауқымды, білім беру жүйесінен ажырамас пән ретінде қаралатын үлкен мәселе екенін мойындауымыз қажет. Оның қоғамдағы ойып алып отырған орнын ескере отырып, оны әрі қарай мазмұнды түрде дамуына өз үлесімізді қосу барлық тіл үйретуші мамандардың міндеті екені айтпаса да түсінікті. Оны үйретудегі барлық жаңа әдістер мен тәсілдер, зерттеулер күн сайын артып, жоғары деңгейге жету үшін жан-жақты іздену, зерттеу, саралау, салғастыру жұмыстары жүргізілуде. Соның бірі біз жоғарыда сөз

еткен тіл үйренудегі өз бетімен оқудың ерекшеліктері туралы пайымдауларымыз оқырманға жіктеліп берілді.

Ағылшын тілі курстарында өз бетімен оқу әрдайым бола бермесе де, кейбір тіл үйренушілерде сүйікті іс болып табылуы мүмкін. Мұның сыры - үйде оқу принциптерін ұстану: студенттер өздері қызықтыратын кітаптарды өздері таңдайды, кітаптарды өз деңгейлері мен қарқыны бойынша оқиды және оған түсініксіз жаңа сөздер мен сөз тіркестері өз бетімен оқудан бас тартуға аса кедергі бола бермейді. Әдебиетті үйде (қосымша) оқу ағылшын тілін үйренудің жемісті жолы болып табылады және оқу күнделіктері түріндегі жазбаша тапсырмалармен үйлескенде оқушылар оқу техникасын/стратегияларын меңгеріп, әдеби элементтер мен ағылшын тілін тереңірек түсінуге қол жеткізеді. Тіл үйренуші студенттердің үйде оқудағы жетістіктері олардың оқу күнделіктерінде кейіпкерлердің уәждерін түсіну, болып жатқан сюжетті сипаттау және оқиғаның өз тәжірибелерімен қалай байланысты екендігі туралы ойлану арқылы көрсетіледі. Өз бетімен қосымша әдебиетті оқу тіл үйренуші студенттерді өз бетінше ашық көзқарастарын ұсынуға және өз оқиғаларын нақты айтуға шабыттандырады; нәтижесінде олар оқырмандарға да, жазушыларға да, тәуелсіз адамдарға да сенім артады, оқуға деген қызығушылығы арта түседі. Нақты нұсқаулар мен мақсаттардың көмегімен үйде өз бетімен қосымша әдебиеттер оқу тіл үйренуші студенттерге олардың қалай үйренетінін танып қана қоймай, сол оқуға белсенді қатысып, нәтижеге қол жеткізуге толық мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Burns A. Reading practices: From outside to inside the classroom//TESOL Journal. 2003. № 12 (3). P. 18-23.

[2] Dorn L.J., Soffos C. Teaching for deep comprehension: A reading workshop approach. – ME: Stenhouse: Portland, 2005.

[3] Farris P. J., Fuhler C. J., Walther M. P. Teaching reading. A balanced approach for today's classrooms. – McGraw-Hill: New York, 2004.

[4] Freebody P., Luke A. Literacies programs: Debates and demands in cultural context//Prospect: Australian Journal of TESOL. 1990. № 5 (3). P.7-16.

[5] Graves M. F., Juel C., Graves B. B. Teaching reading in the 21st century//2nd ed. Allyn and Bacon: Boston, 2000.

[6] Gee R.W. Encouraging ESL Students to Read//TESOL Journal. 1999. № 8 (1). P. 3-7.

[7] Krashen S. D. Second language acquisition and second language learning//Pergamon: Oxford, 1981.

[8] Larimer R. E., Schleicher L. New ways in using authentic materials in the classroom//VA: TESOL: Alexandria, 1999.

[9] McKenna M. C., S. A. Stahl. Assessment for reading instruction//Guilford Press: New York, 2003.

[10] Nation P. The language learning benefits of extensive reading//The Language Teacher Online. 1997. № 21 (5).

[11] Waring R., Cramer T. How does extensive reading help EFL learners?//Paper presented at the 41st Annual TESOL convention: Seattle, 2007.

[12] Богданова С.Ю. Формирование языковой компетенции через чтение (когнитивный аспект)//Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. – Иркутск, 2011. – № 3. – С. 171-175.

REFERENCES

- [1] Burns A. Reading practices: From outside to inside the classroom//TESOL Journal. 2003. № 12 (3). P. 18–23.
- [2] Dorn L.J., Soffos C. Teaching for deep comprehension: A reading workshop approach. ME: Stenhouse: Portland, 2005.
- [3] Farris P. J., Fuhler C. J., Walther M. P. Teaching reading. A balanced approach for today's classrooms. McGraw-Hill: New York, 2004.
- [4] Freebody P., Luke A. Literacies programs: Debates and demands in cultural context//Prospect: Australian Journal of TESOL. 1990. № 5 (3). P.7-16.
- [5] Graves M. F., Juel C., Graves B. B. Teaching reading in the 21st century//2nd ed. Allyn and Bacon: Boston, 2000.
- [6] Gee R.W. Encouraging ESL Students to Read//TESOL Journal. 1999. № 8 (1). P. 3-7.
- [7] Krashen S. D. Second language acquisition and second language learning//Pergamon: Oxford, 1981.
- [8] Larimer R. E., Schleicher L. New ways in using authentic materials in the classroom//VA: TESOL: Alexandria, 1999.
- [9] McKenna M. C., S. A. Stahl. Assessment for reading instruction//Guilford Press: New York, 2003.
- [10] Nation P. The language learning benefits of extensive reading//The Language Teacher Online. 1997. № 21 (5).
- [11] Waring R., Cramer T. How does extensive reading help EFL learners?//Paper presented at the 41st Annual TESOL convention: Seattle, 2007.
- [12] Bogdanova S.Yu. Formirovanie yazykovoj kompetenczii cherez chtenie (kognitivnyj aspekt)//Vestnik Irkutskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Irkutsk, 2011. № 3. P. 171-175. [in Rus]

ОСОБЕННОСТИ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ЧТЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКА

*Мустагалиева Г.С.¹, Амангазиева М.К.², Хайржанова А.Х.³

¹магистр педагогических наук, старший преподаватель, Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, Атырау, Казахстан,

²к.ф.н, доцент, Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, Атырау, Казахстан,

³к.ф.н, асс.профессор, Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, Атырау, Казахстан,

*¹e-mail: ms_gulnara@mail.ru,

²e-mail: m.amangazieva@asu.edu.kz,

³e-mail: akmaral_63@mail.ru

Аннотация. Способ самостоятельного чтения –это, прежде всего, пополнение словарного запаса ученика и овладение грамматическими конструкциями, контроль уровня владения средством развития техники чтения и понимания текста, а также уровня сформированности произношения и ритмико-интонационных навыков. Чтение с пониманием основного содержания направлено на общее содержание содержания и подразумевает наличие у читателя собственного внутреннего

отношения к пониманию основного текста содержания. Целью и продуктом обучения как коммуникативной деятельности является восприятие, понимание и интерпретация фактов, идей и культурных смыслов. Дифференциация видов чтения основана на коммуникативных задачах, которые связаны с дальнейшим использованием иноязычного текста.

Все виды обучения взаимосвязаны и взаимодополняют друг друга, поэтому использование различных видов обучения выступает как средство реализации цели обучения иностранному языку. В связи с этим в статье рассматривается обоснование осуществления самостоятельного чтения в домашних условиях литературных текстов, коротких рассказов, относящихся к уроку английского языка, и рассказывается о том, как совместить письменную работу с чтением, используя дневник чтения, как понять прочитанный текст и пополнить свой словарный запас новыми словами. Кроме того, наряду с анализом и остановкой на некоторых подходах и методах в самостоятельном обучении, рассматриваются такие вопросы, как краткое описание общей проблемы, выделение специальных деталей, сопоставление, взаимопомощь, завершение подведения итогов, заметки, освоение новых слов, зарисовки, самоанализ и самооценка. Проведен обзор работ различных авторов-методистов по выявлению особенностей самостоятельного изучения языка.

Для достижения цели и решения поставленных задач использовались следующие методы исследования: анализ методической, педагогической, психолого-педагогической литературы по теме, их систематизация, классификация, синтез. Эти методы основаны на чтении многих текстов, книг и поглощении незнакомых слов и грамматических структур сознанием.

В результате нашего исследования мы пришли к выводу, что самостоятельное чтение текстов на английском языке обеспечивает учащихся информацией из разных сфер жизни, развивает ум, укрепляет чувства, то есть воспитывает и развивает. При чтении дополнительной литературы дома с помощью конкретных инструкций и целей преподаватель языков может в полной мере использовать результаты нашей исследовательской работы на своих уроках, что позволит достигать конкретных результатов.

Ключевые слова: новые слова, текст, самостоятельное чтение, усвоение, дневник чтения, словарный запас, дополнительная литература, техника чтения.

[FEATURES OF INDIVIDUAL READING IN LANGUAGE LEARNING](#)

[*Mustagaliyeva G.S.¹, Amangaziyeva M.K.², Khairzhanova A.Kh.³](#)

[¹Master of Pedagogical sciences, Senior teacher, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan,](#)

[²Candidate of Philology, assistant professor, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan,](#)

[³Candidate of Philology, associate professor, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan,](#)

*¹e-mail: ms_gulnara@mail.ru,

²e-mail: m.amangazieva@asu.edu.kz,

³e-mail: akmaral_63@mail.ru

Abstract. Independent reading approach is, first of all, completion of the student's vocabulary and mastery of grammatical constructions, control of the level of proficiency in the means of developing reading techniques and understanding the text, as well as the level of formation of pronunciation and rhythmic-intonation skills. Comprehension reading of the main content is aimed at the general content and implies that the reader has his own internal attitude to understanding the main text of the content.

These methods are based on reading many texts, books and absorbing unfamiliar words and grammatical structures by consciousness. The purpose and product of learning as a communicative activity is the perception, understanding and interpretation of facts, ideas and cultural meanings. Differentiation of types of reading is based on communicative tasks that are associated with the further use of a foreign language text.

All types of training are interrelated and complement each other, therefore, the use of various types of training acts as a means of realizing the goal of learning a foreign language. In this regard, the article examines the rationale for the implementation of individual reading at home of literary texts, short stories related to the English lesson, and tells how to combine written work with reading using a reading diary (also known as a reading journal or reading register), understand the text, read and replenish your vocabulary with new words.

Additionally, along with analysis and focusing on some approaches and methods in self-study, such issues as a brief description of the general problem, highlighting special details, comparison, mutual assistance, completion of summing up, notes, mastering new words, sketches and introspection and self-assessment are considered. A review of the works of various authors-methodologists to identify the features of self-study of the language.

To achieve the goal and solve the tasks, the following research methods were used: methodological analysis, psychological and pedagogical literature on the topic, their systematization, classification, synthesis.

These methods are based on reading texts, books and absorbing unknown words and grammatical structures by consciousness.

As a research result, we conclude that independent reading of English texts provides students with information from different spheres of life, develops the mind, strengthens feelings, that is, educates and develops. Additional literature reading at home with the help of specific instructions and goals will allow language teachers to fully use the results of our research work in their lessons, which will allow them to achieve concrete results.

Keywords: new words, text, individual reading, assimilation, reading diary, vocabulary. additional literature, reading technique, additional literature, reading technique.

Статья поступила 18.04.2022